

Кәмелетке толмағандардың мәселесі қаралды

14:29, 26 қазан 2017

Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау. Осы жөнінде құрылған облыстық комиссияның көшпелі отырысы Алға қаласында өтті. Күн тәртібінде жасөспірімдер арасында суицид, құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері қаралды. Қазір бұл мақсатта облыста бірқатар шаралар қолға алынды. Мамандар балалармен және олардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жасап жатыр.

Облыс әкімінің орынбасары бастаған топ алдымен баскетболдан өткен қалалық жарыстың ашылу салтанатына қатысты. Кейін, нөмірі үшінші Алға қазақ орта мектебіндегі робототехника үйірмесінің жұмысымен танысты. Былтыр ашылған үйірмеге барлығы 78 бала қабылданған. Оқушылар өздері жасаған жобаларын таныстырды.

Кәмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау - өзекті мәселелердің бірі. Қазір бұл мақсатта өңірде бірқатар шаралар қолға алынды. Біріккен ұлттар ұйымына қарасты "Білім foundation" қоғамдық қорының арнайы бағдарламасы облыста алғаш рет жүзеге асырылуда. Бұған дейін бағдарлама еліміздің үш өңірінде пилоттық жоба ретінде енгізілді. Қазір бағдарлама аясында Ақтөбе қаласы мен Шалқар ауданының мектептерінен 205 психолог арнайы курстан өтіп, біліктіліктерін арттырды. Бұдан бөлек, биылдан бастап "қиындық жоқ" сенім телефоны іске қосылды. Осы уақытқа дейін 500-ге жуық қоңырау түскен.

Бүгінгі күні облыста 159 мектепте қауіпсіз интернет іске қосылды. Биыл тағы 192-сін қосу жоспарланып отыр. Қауіпсіз интернет тек мектептерде ғана емес, колледждерде де болуы тиіс. Әрі балалармен, олардың ата-аналарымен жұмысты жандандыру, психологтардың білімін жетілдіру қажет деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері де айтылды. Бұдан бөлек, екпе алу жұмыстары бойынша түсіндіру жұмыстары да баяндалды.

Жұлдыз Алмасқызы